



СӨЖ

Менингококты жұқпалар кезіндегі шаралар стандарттары мен алгоритмдері

Орындаған : Туашева М С
Факультет : ҚДС 13-01-001
Тексерген : Жақан Ж Ж

Жоспар

- Кіріспе
- Негізгі бөлім


I. Менингококты инфекция

II. Эпидемиялық процестің сипаттамасы

III. Алдын алу шаралары алгоритмдері

- Қорытынды

Менингококты инфекция - менингококктар қоздырып, ауа-тамшылы жолмен жұғатын, мұрын-жұтқыншақтың шырышты қабықтары мен жұмсақ ми қабықшасының зақымдануымен, ерекше септицемиямен (менингококкемиямен) сипатталатын, клиникалық көріністері кең диапазонды – бактерия тасымалдаушылықтан назофарингитке, менингококкемияға, менингитке дейін көрінетін антропонозды жедел жұқпалы ауру.



Менингококк инфекциясы оқиғасының эпидемиологиялық алғышарттары, эпидемиялық процестің сипаттамасы

Алғышарттар

- ◆ Маусымдылық - сырқаттылық көтерілуі қараша-желтоқсанда басталып, наурыз-сәуірде жоғарғы шегіне жетеді.
- ◆ Зарарлануға себепкер факторлар:
 - тығыздылық;
 - ұзақ мерзімді тікелей қатынаста болу, әсіресе балалар ұжымдарында;
 - ұйымдасқан балалар ұжымдарында температуралық және ылғалдылық режимдерінің бұзылуы;
- ◆ Тасымалдаушылықтың өсуі.

Инфекция көзі

- Өртүрлі менингококк инфекциясымен науқастар:
 - дені сау бактерия тасымалдаушы;
 - менингококктік назофарингитпен науқастар;
 - жайылған түрімен науқастар;

Берілу механизмі, жолы

- ◆ Аспирациялық (аэрогендік);
- Ауа-тамшылы.

Жұқтыру факторлары


Микробтармен зарарланғандар:

- ауа;
- сөйлеу, жөтелу, түшкіру кезінде бөлінетін сілекей тамшылары.


Қауіп-қатер топтары мен факторлары

- Ұжымда бактерия тасымалдаушы болуы.
- Қоздырғыштың эпи-демиялық штамының түзілуі (қалыптасуы).
- Ірі қалалар мен елді мекендер халқы.
- 1-6 жастағы балалар, 1 жасқа дейінгі ұйым-даспаған балалар, ұйым-дасқан ұжымдар жас-тары (студенттер, әскердегілер, т.б.).

Менингококк инфекциясы



204-сурет. *Neisseria meningitidis*: жұлын-ми сұйығының жағындысы. (Грам әдісімен боялған). Грам (-) диплококк, кофе түйіршігі тәрізді



205-сурет. *N. meningitidis*. Таза дақыл. Грам әдісімен боялған







Менингококк инфекциясының (жайылған түрлері) стандарттық анықтамасы

Болжамалы оқиға	Ықтимал оқиға	Дәлелденген оқиға
♦ Төмендегі клиникалық көріністерге және эпидемиологиялық алғы шарттарға сай ауру: ☐ жалпы: • қызару; • шыдатпайтын бас ауыруы; • қалтырау; • ес бұзылуы; ☐ ауруға тән: (кем дегенде 3-5 симптом болуы қажет) • аурудың айқын жіті басталуы; • гиперестезия; • желке бұлшықеттерінің сіресуі; • Керниг-Брудзинский синдромы - оң; • емшектегі балаларда үлкен еңбегінің ісініп, солқылдап соғып тұруы; • емшектегі балаларда асып қою симптомы - оң; • емшектегі балалардың үздіксіз ыңырысып жылай беруі; • «қабаған ит» позасы; • менингококкемия, геморрагиялық бөртпе. ☐ Эпидемиологиялық алғышарттар: • соңғы 10 күнде ЖРВИ-мен не менингитпен қарым-қатынаста болуы;	♦ Болжамалы оқиға анықтамасына сай (жалпы және жергілікті көріністері) ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ аталғандардың кем дегенде 1 эпидемиологиялық белгісі болуы: • Нақты аумақта менингококк инфекциясы бойынша қолайсыз жағдай орнығуы. • Менингококк эпидемиялық ошағындағы науқаспен қарым-қатынаста болуы. • Науқастың алдын-ала менингококк вакцинасымен егілмегендігі.	♦ Болжамалы және ықтимал оқиға анықтамасына сай ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ • мұрын-жұтқыншақтан алынған материал, МЖС, қанда менингококк табыл-уы; • қан сарысуын серологиялық зерттегенде оң нәтиже көрсетуі (ИФТ-да қосарлан-ған сарысуда қарсыденелер титрінің өсуі);

Менингококк инфекциясы эпидемиялық ошағында эпидемиологиялық тексеру мен алдын алу шаралары алгоритмі

Мақсат

Эпидемия ошағын жою және эпидемия ошағында қарым-қатынаста болып, жұқтыру қаупіне ұшырағандарды сақтандыру үшін инфекция көзін, беріліс жолдары мен факторларын және адамдардың зарарлану жағдайын анықтау. Менингококк инфекциясымен ауырған адамдарды және бактерия тасымалдаушыларды табу және ошақты жою.

Кезеңдер, атқарылатын шаралар тәртібі

- Менингококк инфекциясымен науқасты не оған күдікті ауруды табу, аурудың жайылған және бактериологиялық дәлелденген назофарингитпен науқастарды міндетті түрде ауруханаға жатқызу.
- Егер отбасында мектеп жасына дейінгі балалар және МЖБМ-де қызмет істейтіндер болмаса, науқасты үйінде жекелеу.
- Менингококк инфекциясымен науқастар және оған күдіктілердің барлығына шұғыл хабарлама беру.
- Менингококк инфекциясы дәлелденген барлық ауруларды есепке алу және тіркеу.
- Менингококк инфекциясымен науқастар, инфекцияға болжамдылар, бактерия тасымалдаушылар ошақтары тегіс эпидемиологиялық тексеріледі.
- 7 күн ішінде науқаспен қарым-қатынаста болғандарды анықтау.
- Науқаспен қарым-қатынаста болғандардың барлығын 10 күн бойы медициналық бақылауға алу.
- Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде науқаспен қатынасқан барлық балалар, мекеме қызметкерлері, мектептерде - оқушылар арасындағы тасымалдаушыларды табу.
- Күнде жұтқыншақты қарау, дене қызуын өлшеу, менингиалдық симптомдарды анықтау.
- Медициналық бақылаудың алғашқы күні мұрыннан, жұтқыншақтан, тері жаракаттарынан

Менингококк инфекциясы кезіндегі алдын алу шаралары алгоритмі

Мақсат

Менингококк инфекциясының халықтың ұйымдасқан кате-гориялары арасында шығуының алдын алу, менингококпен науқастарды және бактерия тасымалдаушыларды сауықтыру.

Шаралар, мерзімдер

- ◆ Балалар мен ересектер ұжымдарында жалпы санитарлық-гигиеналық ережелердің сақталуын бақылау.
- ◆ Сырқаттылықтың көтерілу кезеңінде мәдени және спорт-тық шаралар өткізілуін шектеу.
- ◆ Менингококк тасымалдаушыларды іздеуді және оларды сауықтыруды ұйымдастыру.
- ◆ Балалардың жабық мекемелерінде (МЖБМ, балалар үйі), әскери казармалар, т.б. санитарлық-гигиеналық шараларды күшейту.
- ◆ ҚР-да эпидемиялық көрсеткіштерге сай менингококқа қарсы вакцинопрофилактиканы енгізу мәселесін шешу.

Қорытынды

Менингококкты инфекцияның ерекше маңыздылығы барлық жерде таралуына, соңғы жылдары сырқаттанушылықтың өсуіне, ауыр түрлерінің және асқынуларының көбеюіне байланысты. Ауру қарқынды түрде дамығандықтан тез арада өлім-жітімге соқтыруы мүмкін. Осы мәселелер бұл инфекцияның ерте диагностикасының аса маңыздылығын көрсетеді. Әртүрлі клиникалық көріністері болуына байланысты көптеген аурулармен салыстырмалы диагностика жасау кезінде қиындықтар туады. Бұл аурудың ауыр түріне шалдыққан балалар мен жас адамдарда ұзақ уақытқа қалдық өзгерістер сақталу қаупі жоғары. Сондықтан аурудың алдын алу арқылы көп нәтижеге қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- «Инфекционные болезни» - Черкасов И. П. Москва 2004
- А.Қ.ДҮЙСЕНОВА «Жұқпалы аурулар» оқулығы.
Источник: <http://freeref.ru/wievjob.php?id=225243>
- Интернет желісінен:
<https://diseases.medelement.com/disease/view/MTMyMTk%253D/fDB8>